

«КЕЛІСІЛДІ»

«Шығыс Қазақстан облысының
кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.



Л. Кездикбаева

2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы Шығыс Қазақстан
гуманитарлық колледжі»
КМҚК директоры



Ф. Курманов

2024 ж.

**Экономика пәнінен облыстық блиц-турнирінің
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қ., 2024 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Осы Ереже блиц-турнирдің мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етілуін, өткізу тәртібін, сондай-ақ жеңімпаздар және жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Экономика пәні бойынша облыстық блиц-турнирі экономика саласында дарынды студенттерді анықтауға, қолдауға және дамытуға бағытталған.

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаттары:

- экономика негізін ғылым ретінде игеруге қызығушылық білдіретін дарынды студенттерді анықтау, оларды қолдау және дамыту;
- экономика саласында дарынды студенттерге алғашқы кәсіби білім беру дайындығын жүргізу;
- білім алушылар арасында экономикалық білімді насихаттау.

2.2. Міндеттері:

- экономика саласында дарынды студенттерге қолдауға қолайлы жағдай жасау;
- білім алушылардың экономикалық білім негіздерін үйренуге қызығушылығын арттыру, теориялық және тәжірибелік білімдерін тереңдету.

3. БЛИЦ-ТУРНИРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1. Блиц-турнир ұйымдастырушылары: «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК, экономикалық бағыттағы оқытушылардың ОӘБ.

3.2. Блиц-турнирді ұйымдастырушылар қазылар алқасын, блиц-турнирдің бағдарламасы мен қатысушы командалар тізімін, блиц-турнир қорытындысын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауды жүзеге асырады.

3.3. Қазылар алқасы:

- қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды;
- ұйымдастырушыларға жеңімпаздар мен жүлдегерлерді ұсынады.

4. БЛИЦ ТУРНИРДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Блиц-турнир **2024 жылғы 27 ақпанда онлайн форматта** өткізіледі.

4.2. Өткізу тілі: қазақ тілі.

4.3. Қатысуға өтінімдер **2024 жылғы 23 ақпанға дейін nurlan841010@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады (*1 қосымша*).

4.4. Турнирге техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттерінен құралған бір команда қатысады. Команда құрамына 3 студент кіреді.

Байланыс телефоны: Алдабергенов Нурлан Токтарханович, 8 777 709 39 72.

5. БЛИЦ-ТУРНИРДІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1. Блиц-турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының шешімімен I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.2. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

**Экономика пәнінен облыстық блиц-турнирге қатысуға
ӨТІНІМ**

№	Оқу орнының атауы	Қатысушының ТАӘ (толығымен)	Ғылыми жетекшінің ТӘА (толығымен)	Байланыс телефоны (Whatsapp)		e-mail	
				Қатысушы	Ғылыми жетекші	Қатысушы	Ғылыми жетекші